

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК «Ана мектебі» бойынша қыркүйек айына анықтама

Тақырыбы: «Ана – мейірім шуағы» атты психологиялық тренинг

Өткізілген күні: қыркүйек айы

Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру – тәрбиелеу мен білім беру процесінің маңызды құрамдас бөлігі. Әсіресе ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты нығайту, олардың арасындағы сенімді қарым-қатынас орнату – баланың үйлесімді дамуының басты кепілі болып табылады. Осыған орай қыркүйек айында «Ана – мейірім шуағы» атты психологиялық тренинг өткізілді. Бұл шараның басты мақсаты – бала мен ана арасындағы эмоционалдық байланысты арттыру, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, аналарға жағымды көңіл-күй сыйлап, балаларға аналарын сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Тренингке әр топтан балалар мен олардың аналары қатысты. Шара жылы шырайлы амандасудан, шаттық шеңберінен басталды. Қатысушылар кезекпен «Ана – өмірдің шуағы, себебі ...» деп ойларымен бөлісті. Бұл сәттен-ақ шараның жүрекке жақын, мейірімге толы болатыны сезілді.

1. «Жүрек жылуы» ойыны

Балалар мен аналарға қағаздан жасалған жүрекшелер таратылды. Балалар өздерінің «Мен анамды жақсы көремін, себебі ...» деген ойларын сурет арқылы жеткізсе, аналар «Мен баламды жақсы көремін, себебі ...» деп жылы лебіздерін жазды. Жиналған жүрекшелерден «Мейірім ағашы» жасалды. Бұл ағаш тренингтің басты символына айналды.

2. «Көзінді жұм да тыңда» жаттығуы

Балалар көздерін жұмып, аналарының дауысын тыңдады. Аналар өз балаларына жылы сөздер айтты. «Мен сені жақсы көремін», «Сен менің қуанышымсың», «Мен үшін сен ең қымбат жансың» деген сөздер балалардың жүрегіне ерекше әсер етті. Кейін балалар да аналарына сүйіспеншілік сөздерін айтып, қарым-қатынас жылылығы арта түсті.

3. «Қолдың жылуы» ойыны

Ана мен бала бір-бірінің алақандарына алақан қойып, жылулық сезімін жеткізді. Бұл кезде айтылған «Анашым, сен мен үшін ...» және «Балам, сен мен үшін ...» деген сөздер тренингтің мәнін ашып, қатысушылардың арасындағы байланыс пен сенімділікті күшейтті.

Шара соңында «Анамның жүрегі» атты шағын шығармашылық жұмыс жүргізілді. Балалар аналарына гүл немесе күн бейнесін салып, сыйға тартты. Бұл кішкентай сыйлықтың өзі аналар үшін үлкен қуаныш болды. Тренинг соңында ата-аналар мен балалар ортақ ойларын айтып, өз әсерлерімен бөлісті. Барлығы да мұндай шаралардың маңызды екенін, балаларға ерекше әсер қалдыратынын атап өтті. Ән мен тақпақтар айтылып, «Ана» бейнесіне арналған жүрекжарды сөздермен аяқталды. «Ана – мейірім шуағы» атты психологиялық тренинг балалардың анасына деген сүйіспеншілігін арттырып

қана қоймай, олардың жүрегінде мейірім мен жылулық сезімін оятты. Шара барысында балалар өз эмоцияларын ашық жеткізіп, аналарымен жақын қарым-қатынаста бола алды.

Тренинг ата-аналардың да көңілінен шықты. Олар балаларымен бірге ойнап, жылы сөздер айтып, ерекше әсерге бөленді. Осындай іс-шаралар отбасылық тәрбиені нығайтып қана қоймай, мектепке дейінгі ұйым мен ата-ана арасындағы өзара түсіністікті арттыратыны анық. Бұл тренинг баланың жан-жақты дамуына, рухани-адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына және ең бастысы – ата-ана мен бала арасындағы махаббат пен сенімнің артуына зор үлес қосты.